

Уәлиханов аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 11-14 с "2022-2024 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Құлықөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 11-22 с шешімі

Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "2022-2024 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Құлықөл ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 11-14 с шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Құлықөл ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 152 978 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 100,1 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 200 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 183,9 мың теңге;

трансферттер түсімі – 151 494 мың теңге;

2) шығындар – 153 138,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -160,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – -160,2 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 160,2 мың теңге.";

6-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"6. Ауылдық бюджетке аудандық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялар 20 639 мың теңге сомасында қарастырылсын.";

7-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"7. 2022 жылға арналған ауылдық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

2) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және мұрағат мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге";

келесі мазмұндағы 7-1-тармағымен толықтырылсын:

"7-1. 2022 жылға арналған ауылдық бюджетінде облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) Қулықөл ауылының көшелерін орташа жөндеуге;

2) Қулықөл ауылындағы клубты күрделі жөндеуге";

8-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"8. 2022 жылға арналған ауылдық бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) аппаратты күтіп ұстауға;

2) көшелерді жарықтандыруға;

3) клубты күтіп ұстауға;

4) Қаратал ауылында спорттық-ойын алаңын жайластыруға.";

8-1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"8-1. 4-қосымшаға сәйкес аудандық бюджетте қаржылық жылдың басында 160,2 мың теңге сомасында қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен шығыстар қарастырылсын.";

9-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын;

"9. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.";

9-1-тармақ алынып тасталсын;

10-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакциясында баяндалсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының хатшысы

М. Абдулов

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2021 жылғы 13 қыркүйектегі

№ 11-22 с шешіміне қосымша

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2021 жылғы 30 желтоқсандағы

№11-14с шешіміне 1-қосымша

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1			2	3
			1) Кірістер	152 978
1			Салықтық түсімдер	1 100,1
	04		Меншікке салынатын салықтар	1 100
		1	Мүлікке салынатын салықтар	100
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 000
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	0,1
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	0,1
2			Салықтық емес түсімдер	200
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	200
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	200
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	183,9
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	183,9
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	183,9
4			Трансферттердің түсімдері	151 494
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	151 494

			органдарынан түсетін трансферттер	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	151 494
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
1			2	3
			2) Шығындар	153 138,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	75 738,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	75 738,7
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23 187,7
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың күрделі шығыстары	52 551
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 972,9
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 972,9
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5 772,9
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	200
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	11 751

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	11 751
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	11 751
12			Көлік және коммуникация	50 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	50 000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	0
		045	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	50 000
13			Басқалар	9 673,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	9 673,3
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды	9 673,3

			шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	
15			Трансферттер	2,3
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2,3
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2,3
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты				
	Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-160,2
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	(160,2
7			Қарыздар түсімі	0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	0

		2	Қарыз алу келісім-шарттары	0
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	160,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	160,2
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	160,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК